

6. <https://zhumeken.kz/olender/916.html>
7. Жансүгіров І. «Өлеңдер мен поэмалар». Алматы: «Атамұра» 2003 .

ӘОЖ 801

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН «ЕР АДАМҒА» ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Мұхтарова Фариза Сейдахметқызы

farizamm97@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының докторанты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.Түймебаев

Ұлттық болмысты танытатын тілдік бірліктердің бірі тұрақты тіркестер екендігін В.Н. Телия атап көрсетті: «как воплощена в содержание фразеологизмов–идиом и фразеологических сочетаний, определить смысл их культурно-номинальных коннотации, благодаря которым фразеологизмы в процессах их употребления воспроизводят характерологические черты народного менталитета [1, 86].

Ғалымның айтуынша, тілде қолданылатын идиомалар мен фразеологиялық тіркестер мәдени коннотациялық мағынаны өз бойына сіңіреді және оларды қолдану арқылы халықтың ұлттық болмысын көруге болады. Сондықтан фразеологизмдерді қарастыруда «Тіл– Адам– Қоғам– Мәдениет» деп маңызды. Мысалы: қазақ қоғамында ұлттық болмысты, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыпты танытатын фразеологизмдер адаммен байланысты. Жасына, жынысына, әлеуметтік-қоғамдық дәрежесіне қарай сыйлап, құрметтеген. «Аталықтай ақсақал, аналықтай бәйбіше» деп жолын, жасын сыйлаған.

Қазіргі заманда қоғамның дамуы – әлеуметтік-экономикалық дамудан бұрын адам дамуымен байланысты. Адамның санасы, психологиялық деңгейі, ойлауы, көзқарасы, іс-әрекеті мен тілі – көптеген ғылым салалары, атап айтқанда, философия, әлеуметтану, психология, тіпті, тіл білімінің объектісі болып отыр. Сондықтан антропологиялық лингвистиканың бір саласы гендерлік лингвистика қазіргі таңда қарқынды дамып отыр.

Көптеген зерттеулерге сүйене отырып, гендердің тіл біліміне де өз әсерін тигізетінін байқадық. Мысалы, қазақ тіл білімінде амандасу этикеті әр түрлі. Ер адамдар қолын кеудесіне қойып немесе қолын созып «Ассалаумағалайкүм» десе, оған қарсы тұрған адам «Уағалайкүмассалам» адамдаса, әйел адамдар көзін төмен түсіріп, келін болса иіліп сәлем салған немесе «Сәлеметсіз бе?!, Амансыз ба?!» деп қысқа қайырған.

Ер адам мен әйел адамның тілдік ерекшеліктеріне жынысы, жасы, әлеуметтік орны, өмір сүру ортасы, білім деңгейі, отбасындағы, қоғамдағы орны әсер етеді. Мысалы, қазақ қоғамында еркек адам әйелдің алдында жүреді, бірінші сөйлейді, жаңа көріскен адамдармен бірінші амандасады. Бата-тілектерді де көп жағдайда ер адамға тапсырады. Бұл қоғамдағы ер адамның біріншілік деңгейі.

Дүние бейнесіндегі «Еркек» пен «Әйел» концептілеріне ғалым Ж.И. Исаева тоқталады. Ғалымның айтуынша «дүние бейнесін беруде үштік қатынас

«Адам–Тіл–Қоғамды» жыныс категориясы арқылы қарау маңызды, себебі тұлғаның жыныстық ерекшелігі оның өзі өмір сүріп отырған ортамен тығыз байланысты. Осы үлкен үштік қатынастан «Әйел–Еркек» қатынасы туындап, оның өзіне тән тілдік сипаттамасы болады. Мысалы: «ұл-қыз», «әке-шеше», «ата-әже», «қыз-жігіт», «қалыңдық-күйеу жігіт», «келін-күйеу», «келіншек-азамат», «бай-қатын», «құл-күн» деп қоғамдық, әлеуметтік рөлдеріне

байланысты осындай микроқатынастарға таратады. Ал бұл қатынастар өз ішінде флеймдерге бөлінеді. Мысалы «қыз» өрісінен қалыңдық, келін, кемпір, тараса, ұл өрісінен бозбала, жігіт, күйеу, азамат, шал секілді фреймдер тарайды. «Еркек–әйел» концептісінің туыстық, бинарлы қатынастарына: «жиен-немере», «әпке-жезде», «аға-жеңге», «қыз-күйеу», «күйеу-қатын» бинарлы қатынастарын жатқызуымызға болады [2, 38-39].

Адамды сипаттайтын фразеологиялық бірліктердің басым көпшілігі ер адамға бағытталған (еркек, ол), тіпті егер фразеологизм құрамында адам лексемасы қолданылса да, ер адам ретінде қабылданатын жағдайлар болады.

Сонымен, "адам интеллектісі" концептосферасының негізгі массивін сипаттайтын фразеологиялық бірліктер ер адамға тән.

Қазақ тіл білімінде жынысқа байланысты зерттеулерді психолінгвистикалық, сөйлеу ерекшеліктері арқылы зерттеу әлі күрге дейін түбегейлі қаралмаған мәселе. Қазақ ерлерінің психикасына, тілдік ерекшеліктеріне байланысты ғалымдар мынандай пікір білдіреді: «Тұрмыста, қоғамдық өмірде қазақ ерлері батыл, ержүрек, досқа адал, тәуелсіз, еркін, қонақжай. Шыдамды, эмоцияға ерік бермейді, көңіл-күйі құбылмалы, отбасы құндылықтарын саналы түсінетін, қиын жағдайда өздерін лайықты дәрежеде көрсететін тұлғалар.

Бұл ұлттық менталитет, отбасындағы тәрбие мен дәстүр нәтижесі» [3,5]. Алайда қай дәуірде болмасын ер адамдардың әйел адамдарға қарағанда қоғамдың рөлі жоғары болған. Ер–шаңырақ иесі, отағасы, халық асыраушысы, ұлт қорғаны ретінде бейнеленеді.

Батыр – батырлық.

Жалаң төс, жүнді балақ батыр. Ер жүрек батыр [4,177]. Мысалы: Бейбіт, жылқының жусағандай әдемі шақты жалтаң тартып, жазым басқан қисық табан, жалаң төс жастар-ау, осынау бейуақ мамыр мезгілге еркелеп жүрсіндер-ау (О.Б. Т.5. 139).

Қас батыр. Нағыз ер жүрек [4, 333]. Мысалы: Ол осынау сахараны қалғытпай, немесе бір сәт тыныстап жатқан даланы қарауылдап тұрған қас батырдай қасқаяды (О.Б. Т.5. 249).

Жүрек жұтқан. Батыл, ер-азамат [4, 217]. Мысалы: Кім болса да жүрек жұтқан тым әккі, тісқаққан ұрыға қолды болған, тындырған шаруасында мін жоқ сайтанның (О.Б. Т.1. 264).

Найза ұстады. Ер болды, қолына қару алды [4, 402]. Мысалы: Ақ орда маңында айналсоқтап найза ұстаған екі күзетші жүр (О.Б. Т.5. 98).

Күйеу жігіт. Күйеу бала.

Бесік кертті күйеу. Бесікте жатқанда атастырылған күйеу. Мысалы: Қайнағының үйіне келген жігіт сол үйдегі бикештің бесік кертті күйеуі екен, бағана іңір қараңғысында шұнақ қыздың өзі келіп, айтып кетті (АТ). [4,113].

Күйеу жігіт. Атастырып қойған жігіт [4, 288]. Мысалы: Қожа құзғын сәріден тұрса да, «күйеу жігітті» көре алмады (О.Б. Т.4. 322).

Күшік күйеу. Үйленіп ата-енесінің қолына келген күйеу [4,295]. Мысалы: Көгершінім, бүкіл құрылысшылар комбинатына күшік күйеу боламын деші... (О.Б. Т.5. 281).

Ел ағасы – жігіт ағасы – аға.

Есіл ерім-ай. Асыл азамат [4, 169]. Мысалы: Ұқпағандары «есіл ерім-ай» деп қимас көңілмен көздеріне жас алды (О.Б. Т.1. 145).

Өт жігіт. Батыл, жүрек жұтқан жігіт. Мысалы: Өр кеуде өт жігіттер болушы еді,жанып келіп, кесіп түсуші еді,—деді (АТ) [4, 438].

Мұртына ұстара тиді. Есейген, азамат болған. Мысалы: Содан кейінгі мұртына ұстара тиген уақыттан бері қарай соғысқа дейінгі он дылы бір төбе (Ж.Т.) [4, 396].

Алыстан тоят тіледі. Елге қамқор пана болатын, ел қамы үшін сырт жаққа көз тігетін адам туралы айтылады. Мысалы: Алыстан тоят тіледі (А.Д.) [4,40].

Үйленбеген, үйленген жігіт.

Сұр бойдақ. Үйленбеген жігіт [4, 477]. Мысалы: Етегіне намаз оқып, көп жүріп сұр бойдақ болып арып үйленді (О.Б. Т.3. 357).

Төсек жаңғыртты. Әйелі өліп, екінші әйел алған кісі [4, 518]. Мысалы: Енді төсек жаңғыртатын шығарсың? (Ә.Н. 451).

Үйі сынық. Әйелі жоқ еркек. Мысалы: Үйі сынық күйеу де ұнай салар (М.Б.) [4, 548].

Төсек жады. Әйел жанды, үй күшік. Мысалы: Төсек жады мырзалар, Алла баспақ байлының (Д.Б.) [4, 518].

Қазақ халқы ер баланың есеюіне, ақыл тоқтатуына ерекше назар аударған. Жас ерекшелікке байланысты бала он үш жаста отау иесі болып, шаңырақ көтеріп, еншісін алаған. Бұл ер жігіттің есею уақытымен сәйкес келеді.

Ер жігіттің есейюіне қатысты мынандай фразеологизмдер кездеседі:

Қара табан болды. Ер жетті [4, 328]. ... әкесі сонда да келмеді қара табан болды – әкесі сонда ат ізін салмады, 1945 жылы 9 майда –Құландының тамам қатындары той жасадық – әкесі сонда да жоламады (О.Б. Т.6. 259).

Ой тоқтатты. Ер жетті [4, 413]. Мысалы: Ол әлі ой тоқтатып еш нәрсе парықтап жүрген жоқ (О.Б. Т.3. 376-6).

Есі кірді. Ер жетті [4, 169]. Мысалы: Бірте-бірте есі кіріп, ішкі сырына бойлады (Ж.А. Т.3.287).

Ақыл енді. Ер жетті [4, 28]. Мысалы: Ми толмаған, ессіз бала күніндегі құмарымызды ер жеткен соң, ақыл кіргенде орын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз? (Абай) [4, 28].

Жас ерекшелігіне қарай ер адамдарды ұл, бала, боз бала, жігіт, азамат, күйеу бала, ел ағасы, көке, ата, шал, қария деп бөлеміз. Соның ішінде балаға қатысты фразеологизмдер:

Бел бала. Әкесінің өз баласы [4,110]. Мысалы: Жаңа Гаваньдағы тубдиспансер мені бел баласындай күтті (О.Б. Т.5. 203).

Әйел адамға қатысты туыстық атаулармен қоса ер адамға қатысты туыстық атаулар кездеседі. Мысалы: өкей ата, өкіл бала, өкіл күйеу.

Өкіл күйеу. Қыз әкесіне емес, қызды қолынан алған бөтен кісіге жігіт (өкіл күйеу) болады. Мысалы: Ал, жасы үлкен кісі мен жас жігіт тамырласам десе, кейде осылайша өкіл күйеу деп аталады (М.Ә.) [4, 430].

Өкіл бала. Есейген кезде бала орнына тұтынған (жігіт, бала). Мысалы: Мен оған өкіл бала болдым, ол маған өкіл ата болды (ҚЕ) [4, 430].

Өкей ата. Қыз алысатын ауылдың баласын бес-он күн үйіне жатқызып, сыйлық беріп аттандырған кісіні атаған [4, 430]. Мысалы: Қылады Көтібарды өкіл ата (АШ) [4,430].

Қайын ата. Күйеуінің немесе қалыңдықтың әкесі [4, 307]. Мысалы: Қайын атасымен жеңұшынан жалғаса, тізелесе қимылдап Семей уезіндегі болыс атаулының алдына түсті (О.Б. Т.1. 45).

Қас батыр. «Қас» сөзі қас батыр, қас сұлу сөздеімен тіркесіп келеіп, фразеологизм ретінде тілімізде қаралады. Қамбар батыр жырында «Қас(а) батыр майданда» деген жолдардағы қас (а) қазіргі таңда үстемелі мағына тудыратын «өте, нағыз» семантикалық мәнде қолданылып жүр. Алайда көне түркі тілінде бұл сөз қашығ деген сөзден шыққан, яғни «алыстан көзге түсетін мықты, күшті» деп аударылады, мұндағы ығ дыбыстары түсіп, ш-с ауысуы тілде кездесетін табиға құбылыс. Сондықтан қас батыр, қас сұлу, қас надан, қас жауыз тіркестеріндегі қас сөзі көзге түсетін мағынасында қолданылып тұр [5, 117-118]. Ер адамға қатысты фразеологизмдердің басым көпшілігі ақыл тоқтатып, есейген кезіне байланысты.

Ал түрік тілінде ер адамға қатысты мынандай фразеологизмдер қолданылады:

○ Aslan yürekli. Çok yiğit, hiç bir şeyden korkmayan [6, 481] – арыстан жүректі. Батыр, ешнәрседен қорықпайтын;

- Baba adam. Yaşlı, iyi yürekli, olgun, hoşgörülü adam [6, 500] – үлкен жастағы, кең жүректі, қамқор ер адам;
- Baba değil, tırbazan babası. Çocuklarına hayrı olmayan bir baba [6, 500]– балаларына қамқор бола алмаған әке;
- Babasının oğlu. Her hall babasına benzeyen oğul [6, 502-б]– әкесінен аумаған ұл бала;
- Çoluk çocuk 1) Çocuklarla birlikte aile topluluğu. 2) İşe akli ermeyen çocuklar , gençler [6, 581-б]– ақылға көнетін балалар, жастар;
- Çöplük horozu: güzeli çirkini ayırt etmeyen kadın düşkünü erkek [6, 582]– әдемі не көріксіз мән бермейтін әйелсүйгіш еркек;
- Helalliğe almak* bir kadını: Bir erkek bir kadını nikahla almak [6, 718]– еркектің бір ғана әйелмен некеде болуы;
- Nayat arkadaş: kadın için kocaşı, koca için karısı, eş [6, 715]– өмірлік серігі, әйелі үшін ері, ері үшін әйелі;
- El bebek gül bebek: el üstünde tutulan, çok sevilen [6, 626]– еркелеп өскен бала, жас;
- Talihim olsaydı anamdan kız doğardım: yaşam koşullarının büyük ağırlığını benim gibi, erkekler taşıyorlar. Kadınlar daha rahat [6, 899]– өмірдегі қиындықтарды еркектер көтереді. Әйелдардікі тыныштық;
- Üstüne evlenmek: karısı varken bir kadınla daha evlenmek [6, 922]– ер адамның әйелі бола тұра, тағы әйел алуы, үйленуі;
- Üstüne gül koklamamak: başka bir kadınla ilişki kurmamak [6, 922]– әйелінен басқа тағы бір әйелмен байланысу;
- Koç yiğit: güçlü yiğit, batur [6,788]– күшті жігіт, батыр.

Қорыта келгенде, ғалымдар жалпы тілдік бірліктердің ерекшелігіне қарай тілді әйел тілі, ер тілі деп бөлудің қалыптасқандығын айтады. Оған дәлел сөйлеу кезінде ер адам мен әйел адамға қатысты фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің қолданылу ерекшелігі. Ер адамға қатысты фразеологизмдердің гендерлік аспектісін анықтауда ер адамның психологиялық күйі, эмоциясы, қоғам мен отбасындағы орны негізге алынады. Қазақ тіліндегі ер адамға қатысты фразеологизмдер жас ерекшелікке байланысты бала, жігіт, азамат, аға, көке, ата, түп ата деп қаралса, екінші жағынан әр түрлі факторлардың әсерінен де туындайтын тұрақты тіркестерді кездестіруге болады. Мысалы, ер адамның батырлығына байланысты, отбасы құру, құрмауына байланысты, ақыл тоқтатып, есеюіне байланысты және этнолингвистикалық туыстық атауларға байланысты. Ал түрік тілінде ер адамға байланысты фразеологизмдер қамқор ер адам, әке ретінде қолданылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Телия В.Н. Что такое фразеология?//Высшая школа.–Москва, 1966.–86 с.
2. Исаева Ж.И. Гендерлік лингвистиканың паремиологиялық дүние бейнесіндегі микрофреймдік қатынастар // Абай ат. ҚазҰПУ-ның Хабаршысы, «Филология», сериясы, №1 (55),2016 ж.–36-40 б.
3. Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты 10.02.02. қазақ тілі. Филол.ғылымд. канд. Дисс. ... авторефераты. Алматы, 2008.–35 б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. –712 б.
5. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді, 2-басылуы.–Алматы, «Санат», 1994–274 б.
6. Ömer Asım Aksoy.Deyimler in kapsamı ve siniri.